

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 желтоқсандағы N 150ас қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 376-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-тармақтың кестесінде:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлерді даярлауды қаржыландыру. Студенттердің жылдық орташа саны - 5500 (оның ішінде Қорғаныс министрлігінің рұқсат қағазы бойынша жылдық орташа қабылдау - 1333).";

көрсетілген қаулыға 388-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-тармақтың кестесінде:

5-бағандағы "Халықаралық нашақорлыққа қарсы күресу күніне арналған шаралар өткізу; Нашақорлыққа қарсы тақырыпқа 2-конкурс, 1-жарыс өткізу; Радиохабарлар, дөңгелек столдар, 4-конференция өткізу" деген сөздер "студент және оқушы жастардың республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу; нашақорлық проблемаларын көрсететін бейнематериалдар дайындау, шығару және эфирде орналастыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 408-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-тармақтың кестесінде:

5-баған ", жиынтықтағы коммутатор - 5 дана" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі